

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 12 наурыз N 2896. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.10.18. N 3144 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 19-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы (бұдан былай - Мемлекеттік хатшы) Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының лауазымды адамы болып табылады.

2. Мемлекеттік хатшы өзінің қызметін тікелей Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен жүзеге асырады әрі оған есеп береді және бақылауында болады.

3. Мемлекеттік хатшы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Республика Президенті үшін:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, аймақтық және құқықтық саясатының негізгі бағыттары;

мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді қызмет атқаруын қамтамасыз ету;

Республиканың Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы және Республика Президентінің халықаралық бастамашылығын іске асыру;

Республика Үкіметімен бірлесіп, сыртқы экономикалық мәселелер жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

2) Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша:

Республиканың Парламентімен және оның Палаталарымен, Үкіметімен, Конституциялық Кеңесімен, Жоғарғы Сотымен қарым-қатынаста оның мүдделерінің білдірілуін ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының атынан мемлекетаралық келіссөздер жүргізеді;

3) мемлекет басшысының кадр саясатын әзірлеп, іске асыруға қатысады;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Бас Прокуратурасының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Баспасөз және

бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің, Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

5) Республика Президенті актілерінің орындалуы мен сақталуын, оның тапсырмаларының орындалуын бақылайды;

6) Республика Президентінің өзге де тапсырмаларын орындайды.

4. Мемлекеттік хатшының қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары, осы Жарлық және Президенттің өзге актілері құрайды.

5. Осы Жарлық белгілеген өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында Мемлекеттік хатшы:

1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші болатын өкімдер шығаруға;

2) Республика Президентінің Әкімшілігі мен оның құрылымдық бөлімшелеріне, Республика Президентінің Іс Басқармасына, Республика Үкіметінің Аппаратына, министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдарға, мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының әкімдеріне тапсырмалар беруге;

3) Республика Парламенті мен оның Палаталарының және Үкіметінің барлық отырыстарына қатысуға;

4) Республиканың мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарынан барлық қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды сұратуға және алуға хақылы. Мемлекеттік хатшының қажетті ақпарат, құжаттар мен өзге де материалдар беру жөніндегі нұсқамалары мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар үшін міндетті және, егер Мемлекеттік хатшы өзге мерзімдер белгілемейтін болса, кідіріссіз орындалуға тиіс;

5) осы Жарлықпен өзінің жүргізуіне жатқызылған мәселелерді қарауға Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерін, Президенттің Іс Басқармасын, Үкімет Аппаратын, министрліктерді, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдарды, Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының әкімдерін тартуға;

6) Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобаларын әзірлеу, Мемлекет басшысы алға қойған өзге де міндеттерді шешу үшін ведомствоаралық жұмыс топтарын құруға хақылы.

6. Мемлекет басшысының қарауына ұсынылатын Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобалары Мемлекеттік хатшымен келісілуге тиіс.

7. Былай деп белгіленсін:

1) Мемлекеттік хатшының жалақысын Республика Премьер-Министрінің ұсыныс бойынша Мемлекет басшысы өзі бекітетін Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдардың қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен олардың еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес белгілейді;

2) Мемлекеттік хатшыны тұрғын жаймен қамтамасыз етуді, медициналық, көлікпен қамтуды, санаториялық-курорттық емдеуді Республика Президентінің Іс Басқармасы жүзеге асырады;

3) Мемлекеттік хатшыны күзетуді, оны байланыстың арнаулы құралдарымен қамтамасыз етуді Республика Президентінің Күзет қызметі жүзеге асырады.

4) хаттамалық жағынан жоғарылығын анықтаған кезде Мемлекеттік хатшының лауазымы Республика Премьер-Министрінің лауазымынан кейін тұрады.

8. Мемлекеттік хатшының қызметін ұйымдастыру-құқықтық, ақпараттық-талдау және құжаттамалық қамтамасыз етуді оның хатшылығы (көмекшілері мен кеңесшілерінің тобы) жүзеге асырады, ол Республика Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және

өзінің қызметінде Мемлекеттік хатшыға тікелей бағынады.

9. Республиканың Үкіметі, Президенттің Әкімшілігі, Президенттің Іс Басқармасы, Президенттің Күзет қызметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде шаралар қолданатын болсын.

10. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті